

Бейсенбаева А.К.,
Бектурсынова А.Е.

**ДСҰ жағдайында логистикалық
қызметті ұйымдастырудың
маңызы**

Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу – Қазақстанның экономикалық өрлеуі, жаңғыруы мен бәсекеге жарамдылығы үшін маңызды. Еліміз халықаралық стандарттар шеңберінде қызмет көрсету арқылы сауда жүйесіне барынша қатысуы тиіс. Қазақстанның ДСҰ-ға енуі қазіргі заманғы көліктік логистикалық саланың талабын қанағаттандыра алатындай ықпалдасқан алаңға айналуын қажетсініп отыр. Аталмыш сала ашықтықты, халықаралық танымалдылықты, жедел ақпарат алмасуды, ағымдағы өзекті жайларды тез шешуді, стратегиялық мәселелерді жүйелі шешуді, арнайы ақпараттарға сараптама жасауды, яғни Елбасы жаһандық коммуникациялардың бір бөлігіне айналу үшін ірі нарықтарды байланыстыратын стратегиялық көлік дәліздерін қалыптастыруға баса назар аударады. Мақалада Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелік етуі жағдайында көлік-логистикалық кешенді ұйымдастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстандағы қазіргі логистикалық кешен жағдайы, ерекшелігі мен басымдықтары аталып, көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: логистика, көлік, көлік-логистикалық кешен, Дүниежүзілік сауда ұйымы, инфрақұрылым.

Beysenbaeva A.K.,
Bektursynova A.E.

**The importance of organizing
logistics activities in terms of
WTO accession**

Kazakhstan's accession to the World Trade Organisation is important for economic growth, modernization and competitiveness of the country. Kazakhstan must comply with international standards and to be a full participant in international trade. Kazakhstan's accession to the WTO have created the need for an integrated platform that can meet the needs of modern transport and logistics industry in Kazakhstan. The industry needs to be openness, international recognition, operational awareness, rapid solving current problems, the system strategic issues, access to specialized information analysis, training of qualified specialists, attracting foreign investors to the Kazakhstani market and improve the logistics environment in general. President of the Republic of Kazakhstan paid special attention to the fact, to become part of global communication, focusing on the formation of strategic relationships corridors. The article discusses the importance and necessity of the organization of transport and logistics infrastructure in the conditions of joining the WTO. At the same time, referred to the features and benefits of transport and logistics services in Kazakhstan, present a proposal for the development of transport infrastructure.

Key words: logistics, transport, transport and logistics industry, the World Trade Organization, the infrastructure.

Бейсенбаева А.К.,
Бектурсынова А.Е.

**Важность организации
логистической деятельности
в условиях вступления в ВТО**

Вступление Казахстана во Всемирную торговую организацию важно для экономического роста, модернизации и конкурентоспособности страны. Казахстан должен соответствовать международным стандартам и быть полноправным участником международной торговли. Вступление Казахстана в ВТО породило необходимость создания интегрированной площадки, способной удовлетворить потребности современной транспортно-логистической отрасли Казахстана. Данная отрасль нуждается в открытости, международной узнаваемости, оперативной информированности, быстром решении текущих проблем, системном решении стратегических вопросов, доступе к аналитической специализированной информации, подготовке квалифицированных специалистов, привлечении иностранных инвесторов на казахстанский рынок и улучшении логистического климата в целом, так как Глава государство обратил особое внимание на то, чтобы стать частью глобальной коммуникации, ориентируясь на формирование стратегического связей транспортных коридоров. В статье рассматривается важность и необходимость организации транспортно-логистической инфраструктуры в условиях вступления ВТО. Наряду с этим, упомянуты особенности и преимущества транспортно-логистических услуг в Казахстане, даны предложения по развитию транспортной инфраструктуры.

Ключевые слова: логистика, транспорт, транспортно-логистическая отрасль, Всемирная торговая организация, инфраструктура.

**ДСҰ ЖАҒДАЙЫНДА
ЛОГИСТИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТІ
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ
МАҢЫЗЫ**

Логистика қызметін дамыту бүгінгі күні еліміздің ДСҰ талаптарына сай қалыптастыру қажеттілігі туындады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев отандық логистиканы дамыту керектігін айта келе, 2016 жылы Қазақстан өңірдің сауда, логистикалық және іскерлік орталығына айналуы және қауіпсіз, әрі жайлы жаңа Жібек жолын құру – Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының маңызды бөліктерінің бірі деген еді Сондай-ақ Елбасы Еуропа мен Азия арасындағы көпір болып табылатын еліміз арқылы жүк тасымалдау бюджетке және мемлекетке мол кіріс әкелетіндігін атап өткен болатын.

Еліміздің транзиттік әлеуетін арттыру, тауар тасымалын жақсартып, жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныс арасындағы алшақтықты реттеу және халықтың кедергісіз қозғалысын дұрыс жолға қою мәселесі – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі. Немесе Қазақстанның көліктік-логистикалық жүйелерін тиімді дамыту мен шетелдік іс-тәжірибені пайдалана отырып, келелі концепция дайындау мәселелері туындаған.

Логистика саласын халықаралық деңгейге көтеру мақсатында Стратегиялық жоспарлау және көлік-коммуникация кешенін дамыту консалтингтік ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеуді талап етеді. Тағы бір қолдауға тұрарлық жағдай, «ҚР аумағында көліктік-логистикалық жүйелерді дамыту бойынша ұсыныстарды сараптау және дайындау» тақырыбында маркетингтік зерттеулер жүргізуге қызығушылық танытқан мемлекеттік органдарға маңызды міндеттер жүктелген.

Бүгінде, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізін, «Қорғас – Жетіген» мен «Өзен – Түрікменстанмен мемлекеттік шекара» жаңа теміржол желілерін салу және еліміздің шығысы (Қорғас) мен батысында (Ақтау) көліктік-логистикалық орталықтарды құрып, оларды ҚР аумағындағы басқа да көліктік-логистикалық орталықтармен байланыстыру жолға қойылған.

Еліміз ДСҰ құрамына кіргенге дейін Кеден одағының аясында, ең алдымен, мына төмендегі үш мәселені шешуге мүмкіндік алды:

– біріншіден, одаққа мүше елдердің барлығы мемлекеттік шекараларының сақталуымен бірыңғай кедендік аумақ қалыптастырды;

– екіншіден, одақ ішінде кеден тосқауылдары, көрсетілетін делдалдық қызмет, шектен тыс құжатбастылық пен рәсімдеуге жұмсалатын артық шығындар қысқартылды;

– үшіншіден, тауарларды еркін айналымға босатудың нормативтік мерзімі дұрыс жолға қойылды.

Ал, ДСҰ шеңберінде қабылданып жатқан жаңа ережелер сауда-саттыққа да қолайлы жағдай туғызып, Қазақстанның ынтымақтастығын арттырып, шет елдермен тығыз қарым-қатынас орнатуына жол ашады.

ДСҰ басты міндеті – іркіліссіз халықаралық сауда-саттыққа мүмкіндіктер жасау. Дамыған елдердің бастамасымен құрылған аталған ұйым халықаралық саудада экономикалық өсім мен адамдардың тұрмыс тіршілігін көтеруге ықпал етеді деп есептеледі. Бүгінгі таңда әлемдік сауда жүйесі негізгі бес ұстанымға сәйкес келуі тиіс:

– Саудада еш кемсітушіліктің болмау шарты, яғни бірде-бір мемлекет қайсыбір мемлекетке экспорт пен импортқа шектеушілік қоюға құқығы болмайды;

– Сауда кедергілерін азайту, немесе қайсыбір елдің нарығына шетелдік тауарлардың келуіне кедергі келтіретін факторларды жою, оларға бірінші кезекте кедендік алымдар мен импорттық квоталар жатады, басқаша айтқанда импортқа қойылатын көлемдік шектеулер;

– Тұрақтылық пен сауда шартының алдынала болжамдылығы, бұл шетелдік компаниялар, инвесторлар мен үкіметтер қолданыстағы сауда шарттарының кенеттен және бір тараптың еркімен өзгерілмейтініне кепілдік береді;

– Халықаралық саудадағы бәсекелестікті ынталандыру, яғни түрлі елдер фирмаларының тең құқықты бәсекелестігі үшін «әділетсіз» тәсілдерді жою, оған экспорттық субсидиялар (экспортшы-фирмаларға мемлекет демеушілігі), жаңа сату нарықтарын иелену мақсатында демпингтік бағаларды пайдалану;

– Жоғары дамымаған мемлекеттер үшін халықаралық саудада жеңілдіктер жасау. Нақ осы бап жоғарыда көрсетілген ұстанымдарға кереғар келеді, алайда ол әлемдік шаруашылыққа осал дамыған елдерді тарту үшін қажет болды. Бұл елдер алғашқы кезеңде дамыған мемлекеттермен бәсекелесе алмайтыны айдан анық, сондықтан да нашар дамыған елдерге ерекше жеңілдіктер қарастыру «әділетті» болар деп есептеледі.

Аталған интеграциялық кеңістік аясында сыртқы сауда лицензияларымен және шектеулерді рәсімдеудің бірыңғай тәртібін қоса

алғанда, тарифсіз реттеудің бірыңғай ережелері реттелген.

Мысалы, санитариялық, фитосанитариялық және ветеринариялық бақылау, сондай-ақ рұқсат беру құжаттарын рәсімдеу заман талабының үдесінен шығатын болады. Ал болашақта ДСҰ мүше мемлекеттер оның жұмыс істеу ережесі мен тәртібінің барлығына бірдей тиімді механизмдерін іске қоспақ.

Сонымен қатар табиғи монополияларды реттеу, монополияға қарсы саясатты жүргізудің нормаларын, ережесі мен механизмдері бірізділеніп, зияткерлік меншік құқықтары да қорғалып, қызмет көрсету аясының сапасы жақсаратынына сенімдіміз. Әрине, осының бәрі халықаралық транзиттік компания үшін қызметіне үлкен жол ашып, табысының өсуіне мүмкіндік беретін шаралар болуы шарт.

Бүгінде халықаралық стандарттарды пайдалану мерзімі жетті. Себебі, Еуропа мұндай стандартқа әлдеқашан көшкен. Қытай 2010 жылы 300 мыңдай компаниясын халықаралық стандартқа көшірген. Сондықтан Қазақстанда пайдалану мақсатында шетелдік ұйымдар тікелей біздің тасымалдаушылар қызметіне жүгінсе, бұл 2 тарапқа да тиімді болады.

Бүгінгі күні елімізде отандық логистикалық қызмет көрсету ұйымдары бар. Бірақ барлығы дерлік – қалааралық. Ал халықаралық деңгейде қызмет көрсету саны аз. Себебі, жаһандық нарыққа шыққысы келетіндерге мемлекет тарапынан қолдау төмен. Логистика – стратегиялық маңызы бар сала болғандықтан, әрі еліміз ДСҰ мүше болғандықтан транзиттік, ішкі – барлық жүк тасымалдарымен негізінен отандық ұйымдар айналысса еліміздегі бірқатар мәселелер шешілуі даусыз.

2017-жылы Астанада өтетін ЭКСПО-2017 елімізге көптеген транспорттық дәліздер ашады, Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық магистралі Қазақстанмен шетел арасындағы тауар айналымын жоғарлатады. Ал егер ДСҰ шарты бойынша, экспорт пен импорт көлемі бірнеше есеге өспек. Немесе елімізде өндірілетін шикізат пен отандық тауарөндірушілер өз өнімдерін экспорттауда, басқа СЭҚ қатысушылар тауарларын импорттауда логистикалық қызмет түріне жүгінеді.

Логистиканы қолданудың экономикалық тиімділігі арттыруда материалдық ағынның бірінші көзден бастап өндірістік, көліктік, делдалдық бірнеше тізбектерден өтіп, соңғы тұтынушыға келгенше үнемі бағасын оңтайландыру болып табылады. Жалпы өткізілген зерт-

теулер кезінде, соңғы тұтынушыға жеткен өнім құнының 70 пайыздан астамын қорайту, сақтау, тасымалдау мен тауар қозғалысындағы басқа да шығындар құрайтыны анықталған. Тауардың соңғы бағасындағы логистикалық шығындардың үлкен үлесі материалдық ағындарды басқаруды оңтайландыру шаруашылық жүргізу нысандарында экономикалық көрсеткіштерді жақсартудың қандай мүмкіндіктері жатқанын көрсетеді. Өндіріс саласы мен тауар айналысында логистиканы қолдану бүкіл материалдық ағын жолындағы қорларды азайтуға, логистикалық тізбек бойынша тауар қозғалысына кететін уақытты қысқартуға, көлік шығындарын кемітуге, сақтау шығындарын түгелдей жою немесе кемітуге, қол жұмысы шығындарын азайту арқылы жалпы шығынды кемітуге мүмкіндік береді.

Логистикадағы экономикалық тиімділіктің үлкен үлесін осы қорларды азайту береді. Өйткені логистикалық шығындардың жалпы құрылымында қорларды сақтау үшін кететін шығын, басқару аппараты, тауарлардың бұзылуы мен ұрлануынан болатын барлық шығындарды қосқанда бүкіл шығынның 50 пайызынан астамын құрайды. Тағы бір үлкен тиімділікке логистикалық операцияларға кететін мерзімнің 95 пайызын алатын уақытты қысқарту арқылы қол жеткізуге болады. Соның есебінен капитал айналысы жеделдеп, белгілі бір уақыт бірлігін-

де алынатын пайда мөлшері ұлғаяды, тиісінше өнімнің өзіндік құны арзандайды. Логистиканы қолданудың маңызы көліктік шығындарды да азайтып, жоғары экономикалық тиімділік береді.

Дегенмен, осы саланың дамуына бір қатар құқықтық актілердің қайта қаралып негізделуі және нарықта тиімді қызмет көрсетуіне логистикалық орталықтағы нақты ұйымдастырылған есеп пен есептілікті жүргізудің халықаралық, яғни ДСҰ аясындағы актілеріне сүйеніп жасалған нұсқаулықтардың болуы бүгінгі күнде өте маңызды орында.

Елбасымыздың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында атап көрсеткендей, жаңа онжылдықта біз экономикалық табыстарды дәйектеп, оны қоғамды жаңғырту арқылы бекемдеп, саяси жүйемізді жетілдіруді жалғастыра бермекпіз. Бұл бағытта құқықтық реформа ерекше маңызды рөл атқаратын болады. Елбасының қойған басты міндеті – экономикалық маңызды салалар қызметінде халықаралық стандартқа сәйкес келетін жаңа жүйесін қалыптастыру. Бұл үшін сала қызметін нығайтып, отандық тауар өндірушілер мен шетелдік әріптестердің құқықтары мен талаптарын сақтай отырып, ДСҰ шарттарын жүзеге асыруда батыл қадамдарға барып, халықтың әл-ауқатын дамытуға үлес қосуға ұйытқы болуымыз керек.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығы
- 3 Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы
- 4 Арыстанбеков К. На пути вступления Казахстана в ВТО серьезные преграды есть // Деловой мир. – 2005. – № 4(40). – С. 10.
- 5 Миротин Л.Б. и др. «Эффективность логистического управления» Учебник для вузов. – М.: Издательство «Экзамен», 2004. – 448 с

References

- 1 «Kazakhstan Respublikasynyn 2020 zhylyga deyingi Strategiyalyk damu zhospary
- 2 Kazahstan Respublikasy Prezidentinin 2010 zhylygy 1 akpandagy №922 Zharlygy
- 3 Kazahstan Respublikasyn udemeli industriyalyk-innovatsiyalyk damytu zhonindegi memlekettik bagdarlama Kazahstan Respublikasy Prezidentinin 2010 zhylygy 19 nauryzdagy № 958 Zharlygy
- 4 Arystanbekov K. Na puti vstupleniya Kazakhstana v VTO seryeznyye pregrady est // Delovoy mir. – 2005. – № 4(40). – S. 10.
- 5 Mirotin L.B. i dr. «Effektivnost logisticheskogo upravleniya» Uchebnyk dlya vuzov. – M.: Izdatelstvo «Ekzamen». 2004. – 448.